

# Егемен Қазақстан

## Асықтың ақиқаты

Қазақ «Оқығанның асығы алшы, оқығаннан ұққан жақсы» деп адамды жасынан ұғымтал болуға баулып, тәрбиелеген. Білім-ғылым сөзде тұрғаны белгілі болса да, сөзді танудан аулақ қашқан, надандыққа бой алдырған жұрт та әр кезде бар қоғамда болған, болмақ та. Абай хакім «Зарардан қашық бол, ғылымға асық бол» деп бекер ескертпегенін өмір көрсетіп отыр.



Енді, журналист Азамат Қасымның «Қырықүңгірдің құпиясы қашан ашылады?» («Егемен Қазақстан», 13 наурыз, 2017 жыл) деген мақаласына қатысты Қырықүңгірде 3000 жылдан аса көміліп жатқан қазақтың алтын сақа, күміс кенейінің сырын ашар сөзімізге көшелік. Негізінде, небір заттың атауы атқаратын қызметінен туындайды. Асық – малдың және басқа жан-жануарлардың сирағы мен сан жіліктерін жалғастыратын, бір жағы қуыс, бір жағы дөнес төрткүл топса сүйек.

Сонымен, «Асық» жалғастырушы, топса. Және де тек жан-жануар әлемінде ғана емес, адам баласының әлеуметтік қарым-қатынасында да ерекше маңызы болған. Қазақта «Топса көрген» деген адамға қатысты сөз бар. Оның мәнісі – «жол-жораны, көпті көрген

кісі», қазіргі тілге салсақ заңгер, құқық білгірі, құқық қорғаушы-камқор, қамшы. Ғалым Мұхтар Әуезов кезінде қырғыз эпосындағы Манастың есіміне көңіл бөліп, оның шығу тегі мифологияға қатысы барлығын аңдатқан еді. М.Әуезовтің нұсқаған жолмен Манас батырдың атының затын табу үшін эпостың өзіне енейік. Эпостағы Манастың әкесі алпыс бес жастағы Жақыпұлына Бұқар ханының қызы Қаныкейді алып бермек болып құда түседі. Істің жөні қалай болар екен деп құмалақ – төлге тартады. «Төлгесін тартты төлегі. Басы түсті тоғыз деп, Аяғы түсті сегіз деп». Қырғыз тілінің сөздігінде құмалақ-төлге тартуға қырғыз бақсысы еліктің қырық бір асығымен бал ашқан. Жорық алдында бал ашуға қатысқан асық сакральді-киелі зат, ерекше тылсым күшке ие қасиеті бар қорғаушы, камқоршы деп қабылданған.

Қырықтың бірі – Қыдыр дейміз. Қырғыз халқы неге 41 асықпен бал ашқан? 40 және бір асық. «Ақыл иесі адам осыдан қырық мың жыл бұрын қалыптасқан» дейді ғылым. Олай болса біріңіз – Жаратушы. Бүкіл қырықты бар қылған құдірет. Француз тілінде «Ас» бірінші деген ұғым берген. Римдіктерде «Ман» билік атауы. Сонда, Манас – бірінші билік иесі. Қырық бір асықтың сарқыты алты асық Рим мәдениетінде де қасиетті саналыпты. Біздің дәуірімізге дейінгі VII ғасырда іргесі қаланған Рим қаласының төрінде Терма атты музейде алты асық Ромул патшаның атақты форумда табылған кесенесінен шыққан діни рәсімдік заттармен бірге тізіліп тұр. Ұрым патшасы мен алты асықтың қандай байланысы бар? «Алты» саны физикалық адамды білдіреді. Қазақта да қорымға асық салу ғұрпы болғаны мәлім.

Ал «асық» атауының алғашқы мәні не? Бұл қазақ сөзінің сыры ағылшын тіліндегі «сұрау» ұғымын білдіретін As k сөзінде ашылады. Этимологиялық мәні «ask call upon for information, inquire». Сәуегейден сауалға жауап күту, сұрау. Абайша айтсақ: адами ғылымның ғалами ғылымға бағынуы, еруі, ұқсастық іздеуі. «Call» – оқылуы «қол» – сұрау. Көне қазақ тіліндегі «қол» сөзінің бір мағынасы: «Жөн, жүйе, ыңғай, рет», яғни заң, құқық. Римдіктер қандай іс болса да алдымен бал ашуға жүгініп, жорамал жасап, жақсылық нышанын аңғаруға, қылар істің ретін анықтауға, дүние көркін болжауға тырысып баққан. Бұрынғы оракул, сәуегей, киіз кітапшы жақсылықты болжап, көпке пайда боларлық, зарары шығып кетпес іс қылушы.

Қазақтың асығы Рим қаласынан өзге Ыстанбұл шаһарында археологиялық мұражайында киелі, рәсімдік зат ретінде көрмеге қойылғаны көп халықтың асыққа танымдық дүние іспеттес пайдаланғанын байқатады. Енді, міне, Қырықүңгір асықтары тіпті терең түпке – арғы өркениет, мәдениетке әкетеді. Бұл асықтардың бір шетінде тұмар ретінде тағылған тесіктері бар екен, екі шеті егелген, қызыл түске боялған.

Атам заманғы қараүңгірліктер асықты тұмар қылып тақса, Ашина тұқымы асықты өз тегінің билік таңбасына тандаған. Көне соғди тілінде «асық» сөзінің мәні – тау текесі. Күлтегінің тасында қытай шеберлері безендірген тау текесінің бейнесі – символ. Бұл символ – таңба бергі мезгіл туындысы. Ал, Абай еліндегі Қырықүңгірге қоныстас бұрынғы Абыралы ауданның орталығы Қайнарға тақау жердегі Қараөлеңде тау текесінің табиғи тұлғасы қара тасқа салынған суреті «Мен бармын, мен мұндамын» дейді.

Ежелден құлаққа сіңген сөз бар: «Барлық жол Римге апарады» деген. Дұрыс-ақ. Ал, сол бар жол қайдан басталады. Міне, осы сұраққа Қырықүңгір мен Қараөлеңнің асық-тау текесі «Бізден – Қазақтан» деп жауап береді. Түркі қағандары айтатын сөз де Сарыарқада туған. Яғни, таутеке символының түп мағынасы «топса», «асықпен» астасқан Күлтегін жазбасындағы «Жоғарыда көк Тәңірі, Төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы (кісі) жаралған» деген сөзге барып қосылады. Бұдан біз түркілік дүниетаным

негізі бойынша Аспан мен Жердің арасындағы топса – түріктер, яғни көшпелілер деген мифологиялық діни таным қалыптастырамыз.

Қазақ даласы, қазақ баласы бүкіл әлемге жол көрсетуші, сабақ берушілік дәстүрінің тарихы.

Тағы да қазақтың ақыны Мағжан Жұмабаев тым ертеде Алпы, Балқан асып кеткен ағайын бауырларға: «Алалы алтын сақа атыспап па ек, Тебісіп бір төсекте жатыспап па ек? Алтайдай анамыздың ақ сүтінен Бірге еміп, бірге дәмін татыспап па едік?» деп ортақ Отанға оралуға шақырған еді. Шынында да, адам баласына ай ортақ, күн ортақ десек, адамзатқа ой да ортақ.

Анығын айтқанда, Ромул патшаның алты асығы, Қараүңгірдің тұмар асығы Күлтегінің таңба-асығы адамзаттық өркениеттің бәрімізге де бірдей ортақ, тиесілі екенін білдіреді-ау!

Марат Азбанбаев  
Қарағанды облыстық сотының судьясы